

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч. I.- Б. 253-255.

ӘОЖ 339.54.012

ШЕТЕЛ ЕЛДЕРДІҢ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ ҚИЫНДЫҚТАР

*Куанышева З., Куандыкова Д., 1 курс студенттері,
Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Г.К. Баймулдинова
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*


Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру саласының қарқын ала бастағанын шет елдегі студенттердің біздің елге келіп оқығанынан байқауға болады. Қазіргі қоғамда шет тілді меңгеруге қолайлы жағдайлар жасалынған. Алайда, әртүрлі тілдерді жетілдіру барысында небір қиыншылықтар кездеседі.

Шетелдік студенттер Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар өз елдерінде қазақ тілі мен қазақ мәдениеті дәстүрлерінің жолсеріктері болып табылады. Біздің ЖОО-да шетелдік студенттердің болуы біздің университеттің қажеттілігін көрсетеді, оның рейтингін көтереді. 10 жылдан астам уақыт бойы шетелдік студенттер Сәкен Сейфуллин атынданы КАТУ қабырғасында білім алып келеді. Шетелдік студенттер контингентін әлемнің 13 елінің студенттері қурайды: Армения, Ауғанстан, Германия, Грузия, Қытай, Қырғызстан, Монғолия, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан және Украина [1].

Студенттерді тәрбиелеу, оқыту және кез-келген басқа байланысты сақтау принципі оқушымен жұмыс жасауда басты ұстаным болып табылады. Қазақстанда шетелдік студенттердің болуы біздің университеттің қажеттілігін көрсетеді, оның рейтингін көтереді. Негізінен, шетелдік студенттер «Медицина», «Педагогикалық ғылымдар», «Бизнес, басқару және құқық», «Әлеуметтік ғылымдар» бағыттарын таңдайды», деп атап өтті ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, жоғары оқу орындары білікті шетелдік мамандарды тартады. Олар қазақстандық жоғары оқу орындарының басшыларымен, оқытушыларымен тәжірибе алмасып, студенттерді жаңа технологияларға, ғылыми зерттеу әдістемелеріне оқытады. Сонымен қатар, қазақстандық жоғары оқу орындары жылдан жылға халықаралық білім беру кеңістігінде өз позицияларын нығайтуда. Мысалы, QS рейтингіне 14 қазақстандық ЖОО, Times Higher Education-ге 3 университет кірді [2].

Басқа елге саяхат әр адамның өміріндегі өте қызықты сәт екені сөзсіз. Басқа елдің ЖОО-на баратын студенттер тек жағымды сезімдер ғана емес, сонымен бірге алаңдаушылық, жағымсыз эмоциялар және т.б. табады. Мұның бәрі олардың шет елде жүрген кездегі қиындықтарына байланысты болуы мүмкін.

1 кесте - Қиыншылықтар түрлері



Қазақ тілін меңгерудегі бірнеше қиыншылықтарды атап өтелік.

1. Қазақтілді оқытушы қазақ тілін білмейтін адамның кебінде болып көрмегендіктен де, оны қандай жолмен қалай үйретуді білмейді;

2. Қазақ тілінің дамуына мемлекеттік институттардың жұмыс нәтижесі де әсер етеді. Өйткені қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытына жатады;

3. Тағы бір мәселе – оқушының тілдің түп-тамыры мен қалай қалыптасқанына қызықпауында, яғни сол елге деген сүйіспеншілігінің болмауы;

4. Тіл үйрену алдымен ынтаны, қажеттілікті, мақсатты, зор махаббатты, табандылықты, зейінділікті, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Білуімше, сіз 5-6 тіл білесіз. Ең қызығы барлығын да ешкімнің көмегінсіз өзіңіз үйрендіңіз. Мұның сыры осында;

5. Ең қиын нәрсе – шылаулар, мақалалар, фразалық етістіктер және идиомалар, өйткені олар бір қарағанда кез келген логикаға қайшы келеді және оларды қолдануда тым көп нюанстар бар және сіз оларды алғашқы күннен бастап дерлік қолдануыңыз керек [3].

Осы қиыншылықтарды ескере отырып, қазақ тілін меңгеруге оңай тіл ретінде қалыптастыруға болады. Тілді жаңаша жаңғыртып оқытуда тіл үйренуші өз еркімен, сапалы түрде, өзіндік әрекетімен, зорлықсыз тілді өзі үйренеді.

Шет тілін үйрену барысында адам басқа бір ұлттың сөзін, сөйлем құрау тәсілдерін меңгеру арқылы оның ойлау жүйесіне еніп, рухани әлеміне қадам басады; жаңа бір халықтың ұлттық болмысын ашады. Шет тілінде сөйлеу арқылы сол ұлтша ойлайды; мұның өзі сол ұлтпен іштей жақындастыра түсетін болады. Ең бастысы басқа тілдерді білу адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты жақындастыра түседі [4].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні дей келе, жоғарыда айтылған мәселелерді шешу үшін адамның физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетін, сондай-ақ оның өмір ырғағын қанағаттандыратын әдістерді ұстану

кажет. Тілдерді үйренудің алғашқы серпіні мүлдем басқа факторлар болуы мүмкін. Мысалы, Димаш Құдайбергеновтің шығармашылығына деген сүйіспеншілік оның көптеген жанкүйерлерін қазақ тілін үйренуге шабыттандырды. Тіл үйренуге ештеңе тосқауыл бола алмайды, керісінше тіл үйрену арқылы рухани жағымызды дамытамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 <https://kazatu.edu.kz/kz/pages/universitet/mezdunarodnoe-sotrudnicestvo/inostrannye-studenty>
- 2 <https://egemen.kz/article/299408-qazaqstandaghy-sheteldik-studentterdinh-sany-30-mynhgha-dgetti>
- 3 <https://assembly.kz/news/aza-tilin-eki-zhylda-yrenip-shy-an-k-ris-ityny-kiliv-tenmen-s-bat/>
- 4 Berkimbaev, K. M., Nyshanova, S. T., Kerimbaeva, B. T., & Meirbekova, G. Formation of information competence of future specialists [Text] / New Educational Review, -2012. -№30(4). -P.276-278. Retrieved from www.scopus.com